

*Т. Карл, 3-курс*

*Ғылыми жетекші — Қ. Т. Бұлқанов, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **АРНАЙЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУШЫЛАРДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Қазақстандық қоғам дамуының қазіргі кезеңі заңның үстемдігін құру үшін стратегиялық бағытта сипатталады. Осы жағдайға сәйкес, қылмыспен күрес өз маңыздылығын жоймай, керісінше үлкен маңызға ие болып отыр. Себебі, азаматтардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғау кез келген демократиялы мемлекеттің міндетті шарты. Заңның үстемдігін арттыруда мамандандырылған қызметкерлер, қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру сапасы мен тиімділігі маңызды рөл атқарады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру тиімділігін арттыру тәсілдерінің бірі қолданыстағы сараптаманы неғұрлым тиімді пайдалану және оларды қолданудың, дамытудың жаңа жолдарын іздеу болып табылады.

Қылмысты ашу және оларды тергеп-тексеру деңгейінің төмендігі құқық қорғау саласындағы жұмыстың сапасыздығын және әрі қарай оның тиімділігін арттыру қажеттігін көрсетеді. Бұның себебі, тәжірибедегі кемшіліктерді жинау мен дәлелдемелерді пайдалану ғана емес, сонымен қатар тергеп-тексеру барысында игерілмеген белгілі ережелердің сақталмауы мен мамандардың қатысуын реттемеу. Осы факторлардың өзара жиынтық іс-қимылының нәтижесінде, тәжірибеде толық және уақытында зерттеу мүмкіндігін қиындатады, криминалды тергеп-тексеруге теріс әсерін тигізеді. Бұл түпкі нәтижесінде, қылмысты тергеу жұмысы мен криминалды жұмыс тиімділігін төмендетеді.

«Арнайы білім»<sup>i</sup> ұғымы процессуалистердің және криминалистердің еңбектерінде барынша кеңінен қарастырылған. «Арнайы білім» ұғымына ең алғашқы болып өз анықтамасын берген А. А. Эйсман болды. Ол «Арнайы білім — бұл жалпыға бірдей мәлім және жалпыға бірдей қолжетімді емес, арнайы білімді тек шектеулі маман иелері ғана біледі.

З. И. Соколовский: «Арнайы білімнің астарында, кәсіби мамандандырылған дайындықтың нәтижесінде алынған білімдерін кез келген саладағы мәселелерді шешу үшін пайлану қажет екенін түсіну керек»<sup>ii</sup>.

Ю. Г. Корухов нақты саладағы ғылым, техника немесе өнерді дәлелдеу мақсаттарын да арнайы білімге жатқызады.

П. П. Ищенко арнайы білімді қылмыстық сот ісін жүргізу мүдделерін негізге ала отырып, қарастырады. Ол дәлелдемелерді табу, бекіту және алу кез келген кәсіби білімге жатады дейді.

Осылайша арнайы білімді екі негізге ала отырып қарастырады: жалпы мазмұны және қолдану аясы. Жалпы мазмұны білім алу көзімен ұштасады — арнайы даярлығы және кәсіптік қызметі. Қолдану аясы негізінен сот төрелігін жүзеге асыру кезінде немесе қылмыстық сот ісін жүргізу мүдделеріне қатысты.

Мәртебелі сарапшыға үміткер үшін арнайы білімнің деңгейі мен сапасы жоғары талапқа сай болуы қажет. «Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы» 2010 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес маманның (сарапшының) арнайы білімі кәсіптік білім алу кезінде (әдетте, жоғары), мамандық, сарапшылық бойынша дайындық процесінде нақты бекітілген.

Маман<sup>iii</sup> өз білімі арқылы тергеушіге сараптау-криминалистикалық әдістерді қолдану, тексеру, бағалау, жинау және зерттеу кезінде көмек көрсете алады. Бұл көмек көрсету тергеу іс-әрекетінің әртүрлі сатысында жүргізілуі мүмкін.

Арнайы білім көбінесе дәлелдемелерді жинау, іздеу, табу, бекіту, буып-түю және оған куәлік ету кезінде қолданылады.

Тергеп-тексеру іс-әрекеті кезінде тергеуші келесідей мән-жайларды ескере отырып маман шақыруы тиіс:

- тергеуші тергеу ісі кезінде алатын немесе бар дәлелдемелердің санаттары;
- жоспарланған тергеу ісінің тапсырмаларына сәйкес қажетті кәсіптік білімі бар арнайы маман;
- маманның дайындығы мен тергеу ісіне қажетті техника-криминалистикалық құралдардың болуы.

Маман қатысатын тергеу ісі, тергеуші мен маманның бірігіп атқаратын қызметтері нәтижесінде жүзеге асырылады.

Тергеу ісіне қатысатын маман-криминалистің барлық жұмысы тергеушінің бақылауында болады. Бірақ бұл, маманның арнайы білімді қолдану арқылы ғылыми-техникалық әдістерді пайдалану кезінде тергеушінің оған араласуға құқығы бар екенін білдірмейді. Тергеушінің мұндай процестерге араласуы маманның функционалдық міндеттері мен процессуалды құқықтарына қарсы табылған дәлелдемелерді зерттеу, қылмысты ашу және не себепті болғанын анықтау маман жұмысының маңызды бөлігі болып саналады. Маман-криминалист пен тергеушінің өзара бірігіп жұмыс атқаруы кезіндегі басты қағида: маманның тәуелсіз болуы және екеуінің тең құқықты болуы.

Маман өз білімі арқылы дәлелдемелерді бағалау және пайдалану арқылы тергеушіге айт-арлықтай көмек көрсете алады. Тергеу оқиғасында маманның дәлелдемелерді бағалауы өте қажет: олардың қолжетімділігі мен жарамдылығын дәлелдеу процесі; дәлелдемелердің түпнұсқалық жағынан дұрыстығы; растау үшін тергеу нұсқаларының қорытындысына дәлелдемелердің жеткіліктілігі.

Заңда белгіленген тәртіппен қылмысты ашу кезінде ғылым мен техника жетістіктерінің мүмкіндіктерін пайдалану да арнайы білімді толықтырады.

---

<sup>i</sup> Эйсман А. А. Заключение эксперта. Структура и научные обоснования. — М., 1967.

<sup>ii</sup> Соколовский З. М. Понятие специальных познаний // Криминалистика и судебная экспертиза. — 1969. — № 6.

---

iii Ищенко П. П. Специалист в следственных действиях (уголовно-процессуальные и криминалистические аспекты). — М., 1990.